

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік монополия субъектісінің қызметінен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндірумен технологиялық тұрғыдан байланысты қызмет түрлерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 3 желтоқсандағы № 483 бұйрығының және "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы кейбір бұйрықтарға өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 15 маусымдағы № 192 бұйрығымен бекітілген Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесінің 3-тармағының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2026 жылғы 14 тамыздағы № 306 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 17 тамызда № 39604 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 1-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналардың:

1) "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік монополия субъектісінің қызметінен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндірумен технологиялық тұрғыдан байланысты қызмет түрлерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 3 желтоқсандағы № 483 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 25656 болып тіркелген);

2) "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы кейбір бұйрықтарға өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 15 маусымдағы № 192 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32822 болып тіркелген) бекітілген Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесінің 3-тармағының күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің міндетін атқарушы*

А. Султанов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Бәсекелестікті қорғау және дамыту
агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Экология және табиғи ресурстар
министрлігі